



Жәрмеңке: көңіл де, көзге де толып қайтты

4



Диқан тойындағы тұлпарлар дүбірі

5



Жер - Анамен тамырлас

6



Тәбарік

8



Сыр бойы



№155
(19833)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyikz

15 қазан /СЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы бірқатар қабылдаулар өткізді

Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Әділет министрі Марат Бекетаевты, Президенттің Парламенттегі өкілдігінің басшысы Бейбіт Исабаевты, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері Ерлан Саиров пен Мұхтар Тайжанды қабылдады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Әділет министрі Марат Бекетаевқа Үкімет дайындайтын заң жобаларының сапалы орындалуына көңіл бөледі тапсырды.

Бейбіт Исабаев Мемлекет басшысына Парламенттегі өкілдіктің жұмысы, Президент Жолдауы мен сайлауалды бағдарламасында берілген тапсырмаларды іске асыру барысында негізгі басымдықтарды қамтитын заң жобаларының қаралып жатқаны туралы баяндады.

Ерлан Саировпен әңгіме барысында еліміздегі қоғамдық-саяси жағдай және әлеуметтік-рухани мәселелер, мемлекеттің аймақтық дамуы туралы талқыланды.

Сонымен қатар кездесуде Президенттің Қазақстан халқына Жолдауының басым бағыттары, еліміздің кейбір шекаралық аудандарының дамуы, көпбалалы отбасыларды баспанаман қамту және жас ұрпаққа сапалы білім беру жағдайы сөз болды.

Мұхтар Тайжанмен өткен кездесуде жер мәселесі, әскери-патриоттық тәрбие беру, қылмыстық жазасын өтеген азаматтарды жұмысқа орналастыру жайы қозғалды.

Сондай-ақ кездесу барысында өңірлердегі азаматтарды баспанаман және жұмыспен қамту, жол салу, экология мәселелері айтылды.

АЛТЫН ДӘН – 2019

Егін еккен ырыс орады



Сырбойлық диқандар жылдағы ізбен биыл да егінді ысырапсыз жинап алды. Ала жаздай атыз жағалап, бел жазбай еңбек еткен ауыл шаруашылығы озаттарын «Алтын дән» мерекесіне арналған салтанатты жиында облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов марапаттады.

Назерке САНИЯЗОВА.

Ауа райының қолайлы, судың жеткілікті болуына байланысты шаруалар соңғы жылдары қалыптасқан қарқынды сақтай білді. 88 мың гектарға жуық жерге егілген күріштің әр гектарынан 60,3 центнерден рекордтық өнім алып, 530,5 мың тоннадан астам Сыр маржанын қамбаға құйды. Ел ырысын еселеген егінші қауымын егін жинау маусымын табысты аяқтауымен құттықтаған аймақ басшысы ендігі мақсат жергілікті сорттарды көбейтіп, тұқымдардың ішінде отандық сорттар үлесін біртіндеп арттыру екенін атап өтті.

– Күріш өндірісінде 100 процент жоғары репродукциялы тұқымдарды пайдалануға қол жеткіздік. Соңғы жылдары күріш өндірісі осылайша 22 процентке артты. Өңірдің басты дақылын сауықтыру және вегетациясы қысқа, бәсекеге қабілетті отандық сорттардың үлесін арттыру бағытында бірнеше жоба іске асырылып келеді. Атап

айтқанда, биыл «Сыр сұлуы», «Ай-Керім» және басқа да отандық сорттар бірқатар шаруашылықта егіліп, ғалымдардың бақылауында болды. Мамандардың бағалауынша, бұлар сапасы жағынан ресейлік сорттардан кем түспейді, – деді облыс әкімі.

Бүгінгі күні аймақтың аграрлық секторында серпінді даму динамикасы қалыптасып отыр. Кейінгі жылдары өндірілген өнім көлемі 1,5 есе өсті. Салаға салынған инвестиция көлемі 46 есе, тамақ өнімін өндіруге тартылған инвестиция 10 процентке ұлғайды. Биыл барлығы 183,1 мың гектарға дақыл егіліп, жалпы егіс көлемі 2014 жылмен салыстырғанда 25 мың гектарға артты. Өтараптандыру бағытында атқарылған жұмыстың нәтижесінде малазықтық дақылдар – 8 мың, майлы дақылдар – 7 мың, күріштен басқа дәнді дақылдар көлемі 3,7 мың гектарға ұлғайды.

2-бет.

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

«Елдің қолдағанына, жігер бергеніне ризамын!»

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осы жылдың 11 қазан күні «Хабар» теларнасына сұхбат берді. Бүкпесіз әңгіме барысында Елбасы өз өкілеттігін тоқтатқаннан кейінгі өмірі, жаңа жұмыс кестесі және елдің даму болашағы туралы сауалдарға ашық жауап беріп, еліміздің бүгінге дейін жеткен жетістіктері, жаңа сайланған Президент туралы ойын айтты.

Халық үшін қабылданған дұрыс шешім

Журналистер сұхбатты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өз еркімен Мемлекет басшысы өкілеттігін тоқтатуы туралы 2019 жылғы 19 наурыздағы шешіміне қатысты сұрақпен бастады. «Содан бері жарты жыл өтті. Қабылданған шешіміңізге өкінбейсіз бе?» деген сауалға орай Елбасы бұл шешімнің әбден ойластырылып барып қабылданғанын, оған өкінбейтінін жеткізді.

– Бұл әр қырынан әбден ойластырылған шешім болатын. Ел басқарғаным 30 жыл, ал Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы болғанымды есепке алсақ, 40 жыл болған. Осы уақытқа дейін мені сайлап келген халқыма рахмет. Елімізге

өзгерістер керек. Сол үшін жаңа адамдар, жаңа мамандар қажет. Жаңа тұлғаның өзгеше қозғарасы, ойлары болатыны анық. Сондықтан халық үшін дұрыс шешім қабылдадым деп ойлаймын және ешқандай өкінішім жоқ. Әлемдегі көптеген мемлекеттердің басшылары қонырау шалып, өкініштерін білдірді, сонымен бірге билік транзитін қантөгіссіз, бейбіт, демократиялық жолмен өткізгенімізге қуаныңдарың жеткізді. Мұны көптеген сарапшылар үлгі-өнеге ретінде ұсынады. Ендігі мәселе – 30 жыл ішінде жеткен орасан зор жетістіктерді төгіп-шашып алмай, молайту, – деді Елбасы.

3-бет.

МӘЖІЛІС

Жауапкершілік жеңілдемейді

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалығымен аппарат мәжілісі болды. Онда ветеринария саласында атқарылып жатқан жұмыстар мен #BIRGE#TAZAQAZAQSTAN экологиялық акциясының және облыс елді мекендерінде санитариялық тазалық, көркейту және көгаландыру айлығының өту барысы туралы мәселелер қаралды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

2-бет.

Құлпыра бер, Қызылорда!

Алаштың анасы атанған Қызылорданың туған күнін жұртшылық биыл да көтеріңкі көңіл-күймен тойлады. Бірнеше күннен бері әсем ән мен жырдан шашу шашқан оперназдар тартуын Ф.Мұратбаев атындағы орталық стадионда өткен гала-концертте түйіндеді. Салтанатты шараға облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов қатысып, Сыр халқын айтулы күнмен құттықтады.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТОВА.

– Екі ғасырлық тарихы бар Қызылорда – экономикасы қарыштап дамыған, әлеуеті арқан қала. Өңірдегі құрылыс көлемі де өткен жылмен салыстырғанда 2,3 есеге артты. Аймақтағы құрылыс жұмыстарының 40 проценті облыс орталығының үлесінде. Қазір Сырдың сол жағалауы

көз тартар әлеуметтік нысандармен, әсем ғимараттармен толығуда. Алдағы уақытта республикалық, облыстық бюджеттен 820 пәтерлік 16 көпқабатты арендалық тұрғын үй мен 830 пәтерлік 17 көпқабатты кредиттік тұрғын үйдің құрылысы басталып, жыл соңына дейін пайдалануға

берілем. Жүйелі жұмыстардың үздіксіз жалғасуы қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайының ілгерілей түскенін аңғартып отыр. Сүйікті қаламыздың бүгінгідей құлпырып, жасарып, жайнай түсуінде сіздердің әрбіріңіздің қосқан үлесіңіз зор деп білемін. Мерейлі мереке құтты

болсын, әр отбасына күт-береке, шаңырақ шаттығын тілеймін, – деді аймақ басшысы.

Мерекелік кеште облыс әкімі ел мерейін үстем еткен спортшыларға, атап айтсақ, жақында ғана Ресейдің Екатеринбург қаласында бокстан өткен Әлем чемпионатында олжа салған Қамшыбек

Қонқабаевқа 2 млн теңге, Тұрсынбай Құлақметке 1 млн теңге, еркін күрестен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанған Дәулет Ниязбековке 2 млн теңгенің және олардың бапкерлеріне 500 мың теңгенің қаржылай сертификаттарын табыстады.

2-бет.



Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАЛЫБай.

ТІЛШІ-ЕЛДЕН

Жанакорғандамын. Дұрысы, Қожакеңт ауылындамын. Жаңалық құмар тілші қауымының мұнда жүруі кім-кімге де тансық емес...

Ержан ҚОЖАСОВ.



Тәбәрік



Бөлмеге кіргенімде қабаттала салған қалың көрпеді жатқан шынашақтай ғана әжені көрдім. 103 жасқа келген кейуананың тіршілік толқынында тартаптан бейнеті жоғын жүзіндегі қатпарлы әжімнен-ақ байқай беріңіз.

таның бір кесіндісін елге алып келген. Бес уақыт намазын қаза етпей, болмысына дақ жұтпаған сол атамыз өкелген матаны ба-ласы Мұхамеджан қажыға аманаттаған.

Жоғарыда айтып кеттік қой. Ерден ерте қалған келіншек Әсияның күйеуі Әбсемет халық алдындағы азамат болғанға ұқсайды.

Сөз соңы. Ақ матаға әспетпей оралып, Мекке жұртынан келген мата кесіндісімен жүзімізді сипадық.

Жанакорған ауданы.

ЕГІН-2019

«Қызылдиқанның» қамбасы толық

Егіншінің мерейлі шағы – егін жинау науқаны аяқталып, ел ырысы еселенуде. Егістік алқабындағы жал-жал дестені қамбайлар дәнге айналдырып, ел несібесі қамбаға күйылды.

Искер басшы, тәжірибелі маман Алдаберген Құлбаев басқаратын шаруашылық биыл 850 гектар жерге Сыр күрішін екті. Оның 250 гектарына «Маржан» тұқымы себілсе, қалған бөлігіне «Лидер» сорты егілген.



құрайтын қойма және техника-ларға арналған гараж бар. Сондай-ақ элеватор мен автокөлікке арналған таразы орнатылған. 60 адамға арналған асхана мен техника жөндеу шеберхана жұмысы шаруашылық қызметкерлеріне қызмет көрсетіп тұр.

МҮШӘЙРА

Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен «Қызылорда қаламгерлерінің қауымдастығы» ҚБ және «Сыр медиа» ЖШС таланти да тағдырлы ақын Әділ Ботпановтың 50 жасқа толу құрметіне арналған облыстық жыр мүшәйрасы өтетіні хабарлайды.

«Әділдің жыр әлемі – жүрегімде»

Мүшәйраның шарттары:

- 1. Мүшәйраға жасы 18-40 аралығындағы ақындар қатыса алады. 2. Олардың өлеңдері алдын ала арнайы комиссияның іріктеуінен өтеді. 3. Шығармалар мүшәйра талабына сай болуы керек (талап осы анықтамада қоса беріліп отыр).



Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 «А», «Сыр медиа» ЖШС ғимаратының 2-қабаты, 210-бөлме. e-mail: aiashuly_62@mail.ru

- Мүшәйра талабы: а) Ақын 2 өлең оқиды (бірі – арнау, бірі – еркін өлең). б) Қатысушының бірінші өлеңі тағдырлы ақын Ә.Ботпановтың болмысын ашуы тиіс немесе ол шығарма ақындық қасиетке арналады.

Көпбалалы отбасына пәтер кілтін сыйлады

Кенжебековтер – көпбалалы жас отбасы. Нұрболат пен Ботағоздің шаңырағында әуелі екі ұл, содан кейін Хадиша, Райана, Айша есімді үшем дүниеге келді.

Биылғы қала күні мерекесі олар үшін ұмытылмас сәт болды. Мерекелі шарада «Абзал және К» толық серіктестігінің бас директоры Мағжан Ералиев көпбалалы отбасыға пәтер кілтін табыстады.

EGOV БҮРЫШЫ



Достар, сіз телеграм қосымшасындағы egovkzbot-тан түрлі анықтамаларды алып, сервистерді пайдаланып көрдіңіз. Енді дәл солай қызметтерді танымал facebook және Vk әлеуметтік желілері арқылы алуға болады.

Advertisement for Eurasian Bank 25 Turbo Deposit, showing a vault door and offering 14.1% interest. Includes logos for Eurasian Bank 25, KDFI, and mobile app availability.